

и идей, которые не были похожи друг на друга. У каждого есть свои характерные признаки, которые служат основой в создании объектов дизайна различного назначения. В данной работе такими источниками послужила историческое наследие и неповторимая природа родного города – Древнего Тараза.

Среди множества функций, которые несут в себе предметы декоративно-прикладного искусства, особое положение занимает эстетическая и историческая функция. Эстетическая функция целенаправленно влияет на восприятие предметов или явлений, пробуждая в человеке патриотические чувства, тягу к прекрасному и вызывая позитивные эмоции, тем самым делая наш мир более интересным и глубоким. Говоря о влиянии культурных традиций и исторических ценностей на патриотические чувства, имеется в виду

общественный и нравственный принцип, характеризующий отношение людей к своей стране, которое проявляется в определенном образе действий и сложном комплексе общественных чувств, обычно называемой любовью к Родине.

Список литературы

1. Рунге В.Ф., Сеньковский В.В. Основы теории и методологии дизайна: учебное пособие.-М.: МЗ ПРЕСС, 2005.-368 с.
2. Дизайн. Иллюстрированный словарь-справочник/под ред. Минервина Г.Б.-М.: Архитектура-С, 2004.- 541 с.
3. <http://wap.history1997.forum24.ru/?1-7-40-00000010-000-0-0-1264858386>
4. Быков З.Н. и др. Художественное конструирование. Проектирование и моделирование промышленных изделий: учеб.-М.: Высшая школа, 1986.-286 с.

УДК-332.1

Улан Балгабаевич Кабдуалиев¹, Самал Казбековна Курмангазина², Айнагуль Балабековна Муканова³

- 1) Магистр экономики
- 2) Магистр экономики и бизнеса
- 3) Магистр экономических наук

(Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан)

(А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан)

КЕДЕЙШІЛІКПЕН КҮРЕС ІС-ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Summary: In article approaches to definite on, levels and indicators of poverty established by the state on the basis of a living wage and requirements to calculation of a consumer basket are considered, whose analysis allows to characterize most fully a situation in regions and "risk degree" is based on the fundamental factors of poverty forming.

Keywords: living wage, analysis, indicators, poverty, calculation, minimum wage rate, mechanisms, risk, standard of living.

Кедейшілік проблемасы Қазақстанды 90-шы жылдардың басынан толғандыра бастады. Оның

өткірлігі кедейшілік нақты табыстың күрт төмендеуі мен қоғамның әлеуметтік жіктелуінің күшеюі салдарынан қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруіне әсер ете бастаған сәттен бастап байқалды. Кедейшіліктің өсуі оның үлес салмағынан да, кедейшілік санаттары бойынша да көрініс тапты. Кедейшілік деңгейінің өзгеру қарқынында оның қалыптасуының екі кезеңін бөліп көрсетуге

болады. Бірінші кезең – 90-шы жылдардың бірінші жартысы – бұл кезде халықтың тұрмыс деңгейінің нашарлауынан, кедейшілік ауқымының ұлғаюынан, табыстар, тұтыну, маңызды материалдық және әлеуметтік игіліктерге қолжетімділік бойынша қарастырғанда әлеуметтік ала-құлалықтың күшеюінен көрінген аса келеңсіз үрдістер байқалды. Екінші кезең – 90-шы жылдардың екінші жартысынан бастап қазіргі кезге дейін – экономиканың нақты секторындағы оңды ілгерілеулер нәтижесінде халықтың бақуаттылығы өлшемдерінің біршама тұрақтану кезеңі.

Елдегі қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ерекшелігі ретінде “жаңа кедейлер” деп аталатындардың пайда болғанын айтуға болады. Бұған реформаларға дейінгі кезеңде болған әдеттегі кедейлерден бастап жеңіл өнеркәсіп, мәшине жасау, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет салаларында жұмыссыз қалғандар жатады. Шағын бизнес өкілдері, зейнет жасына тақаған адамдар, мектеп, жоғары оқу орындарын бітірушілер, экологиялық дағдарыс өңірлерінде тұрып жатқан халық жоғары тәуекел аймағында қалып отыр.

“Жаңа кедейшілік” ауқымы ауылдық жерлерде тұратын халықтың есебінен едәуір кеңейді. Ауыл халқының табысы қала халқының табысынан орташа алғанда 2,2 есе төмен және ауылдағы кедейшілік деңгейі едәуір жоғары. Мысалы, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар ауылдық отбасылардың үлесі 24,8 %-ды, ал қалалық отбасылар үлесі 9,2 %-ды құрайды.

Қазіргі жағдайда өңірлік кедейшілікті ерекше бөліп көрсету керек. Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне жетпейтін отбасылардың үлесі жоғары өңірлер арасында Атырау облысы

оқшау түр, онда кедейшілікте өмір сүріп жатқан халықтың үлесі 29,1%-ды құрайды (бұл республика бойынша ең жоғарғы көрсеткіш), Маңғыстау – 21,0%, Жамбыл – 18,3%, Қызылорда – 26,5%, Оңтүстік Қазақстан – 23,0%. Аталған облыстарда жағдай осындай болса, республика бойынша орташа көрсеткіш – 16,1%.

Халықтың табыс деңгейі бойынша теңсіздігі еңбекке ақы төлеудегі айырмашылық пен басқа да табыс көздерінің болуынан ғана емес, отбасында қанша жан бар екендігіне, отбасында жұмыс істейтіндер санына, балалардың болуына қарай да қалыптасады. Асырау жүктемесі неғұрлым жоғары болса, табыс та соғұрлым төмен болады. Үй шаруашылығы деңгейінде табысты екінші рет қайта бөлу мен отбасылық бюджетті қалыптастыру жүріп жатыр. Атырау және Маңғыстау облыстары сияқты жоғары табысты өңірлерде отбасындағы жандардың орташа алғандағы санының жоғары болуы, әсіресе ауылдық жерлерде, олардағы табыс деңгейінің төмен болуына ықпал етеді және оңтүстік өңірдегі табысы төмен облыстардағы жағдайды шиеленістіріп жібереді[1].

Елде қазіргі кезеңде жүргізіліп отырған әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты кедейшілік деңгейін төмендету және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті азайту болып табылады. Экономикалық өсу халықтың әл-ауқатын көтеру үшін негіз жасайды, бірақ әлеуметтік проблемаларды шешу үшін әлеуметтік үдерістерді мына бағыттар бойынша мемлекеттік реттеуді күшейту қажет:

1) табыстар саласында ең төменгі әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету, олардың бастапқы негізі маңызды өмірлік игіліктер мен қызметтердің әлеуметтік қажетті деңгейін көрсететін ең төменгі тұтыну бюджеті болуы керек. Рыноктың дамуымен табыстардың жаңа

түрлері ғана пайда болып қойған жоқ, халықтың тұтынушылық шығындарының құрылымдары өзгеруде. Азаматтардың төлемдерінің жаңа түрлері пайда болуда: жылжымайтын мүлік салығы, ипотекалық жүйе, міндетті сақтандырудың әртүрлі нышандары және т.б. Осының бәрі тұтыну бюджетін есептеудің жаңа құрылымына көшу қажеттігін алға тартады, оның үстіне байқалған экономикалық өсу жағдайында елдің осындай әлеуметтік ең төменгі деңгейді есептеуге көшуі үшін ресурстық мүмкіндіктері ұлғаюда.

2) салааралық және салаішілік деңгейде, мемлекеттік және жекеменшік секторлар арасында, сондай-ақ кәсіпорын ішінде жұмыс күшін қайта қалпына келтіру үшін бірдей жағдайлар жасау (еңбекке ақы төлеудің ең төменгі мөлшері рөлін күшейту, еңбекке ақы төлеудің ең төменгі, орта және ең жоғары деңгейлері арасындағы арақатынасты реттеу, салық салу жүйесін жетілдіру және т.б.);

3) республикада орта таптың қалыптасуы жөніндегі саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру. Осы мақсатта халықтың табыстарын түбегейлі көтерумен бірге жұмыс орындарын құру, шағын және орта бизнесті қолдау, білім беру технологияларын дамыту, жинақ ақшаның, меншіктің қорғалуына кепілдікті күшейту және т.б. жөніндегі шаралар қажет;

4) ауылдағы еңбекпен қамтылу соңғы онжылдықтағы келенсіз үдерістердің бірі – өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейінің ала-құлалығы одан әрі ұлғаюы мен аумақтар тобының артта қалуының күшейе түсуі болып табылады. Қазақстанның артта қалған өңірлеріне экономикасы ұзақ уақыттар бойы тоқырау жағдайында тұрған, өнеркәсіп құрылымы аз әртараптандырылумен сипатталатын, инфрақұрылымы (өндірістік, нарықтық), әлеуметтік саласы нашар дамыған,

ахуалы қолайлы емес аумақтар жатады. Мұндай аумақтардың болуы мен бұл проблеманың шешілмеуі жалпы Қазақстанның бүкіл экономикалық кеңістігінде тұрақты даму жолындағы басты тежеу болып табылады. Бұған себеп шаруашылық құрылымдарының әртүрлілігінде, өндірістік әлеуеттің ерекшелігі мен аумақ ресурстарында ғана емес, халықтың менталитетінде, өңірлердің нарыққа бейімделу деңгейінде, сондай-ақ дамуды мемлекеттік реттеудің бәсеңдеуінде жатыр (өңірлік экономикалық және әлеуметтік өтемақылардың көпшілігінің алынып тасталуы).

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүзеге асыру және негізінен еңбекке жарамсыз аз қамтылған азаматтарға, сондай-ақ еңбек рыногындағы неғұрлым жағдайы осал халық санаттарына атаулы көмек көрсету есебінен кедейліктің ауқымын қысқарту және жұмыссыздық деңгейін төмендету. Бағдарлама Қазақстанда әр отбасының кемінде бір мүшесін жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған және жұмысы жоқ халықты еңбек қызметіне ынталандыратын жаңа жұмыс орындарын құруды көздейді.

Экономиканың өсуі негізінде әлеуметтік салада дәйекті реформа жүргізу арқылы халықтың тұрмыс деңгейін тұрақтандыру және арттыру, ең алдымен халықтың әлеуметтік осал жіктерін әлеуметтік бейімдеу; экономикалық оңалту және әлеуметтік қолдау көрсету шаралары негізінде кедейлікпен нақты күрес жүргізу. Елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету процестеріне қауіп төндірмейтіндей көрсеткіштерге дейін жұмыссыздық деңгейін төмендету. Проблеманы шешудің қосымша факторы республикалық бюджеттен зейнетақылар мен жәрдемақыларды уақытылы төлеу болып табылады.

Қазақстанның нарыққа көшуі жұмыс істеуге қабілетті адамдардың жұмыспен қамтылуын төмендетіп жіберді. Жұмыссыздық көбейіп кетті. Жұмыс күшінің көлеңкелі рыногы дамыды. Ресми түрде тіркелген жұмыссыздықтың деңгейі немесе жұмыс іздеп жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға өтініш жасаған азаматтардың үлесі экономикалық белсенді халықтың 4,4 %-ын құрайды. Еңбек рыногында белсенді түрде жұмыс іздеп жүрген азаматтардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесудің негізгі өлшемі - бос қызмет орындары банкін қалыптастыру, ұлғайту және пайдалану болып табылады. Белсенді жұмыс іздеудің нақты қадамдарына: халықты жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органдарда немесе жеке меншік агенттіктерде тіркелу, жұмыс берушілерге өтініш жасау, бұқаралық ақпарат құралдарына жұмыс іздеу туралы хабарландыру беру, өзінің жеке ісін ұйымдастыруға әрекет ету немесе еңбек рыногындағы сұраныстарды ескере отырып, кәсіби даярлықтан өту жатады. Қалалар мен аудандардағы халықты жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органдар мынадай қызметтерді көрсетеді:

- 1) азаматтарды жұмысқа орналастырудың мүмкіндіктері туралы және осы немесе басқа бір жұмысқа орналасқысы келген адамдарға қойылатын талаптар жөнінде хабардар етеді;
- 2) жалпы білім беру мекемелерінің түлектері мен әлеуметтік қорғауға аса мұқтаж азаматтарға лайықты жұмыс тандауда, сондай-ақ жана жұмыс орындарына, вахталық әдіспен, шетелде жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі;
- 3) жұмыс іздеуде қиындық көріп жүрген азаматтарға консультация береді;
- 4) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады;
- 5) жұмыссыз азаматтарды оқытады және қайта оқытады;

6) шағын несие беру арқылы жұмыссыздарға өзінің жеке ісін ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

7) кәсіби даярлауға, іскерлік машықтарын үйретуге мемлекеттік тапсырысты кәсіби білім беру оқу орындарының желісі арқылы анықтайды;

8) бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі.

Қандайда жұмыссыздық болмасын қоғамдағы аса ауыр экономикалық және әлеуметтік қайшылық. Батыс елдерінде жұмыссыз болу – тек қана жұмысты жоғалту ғана емес, сонымен бірге адам өзінің ар-намысын, абырой-беделін жоғалту деп есептеледі. Шетелдердегі бағалау бойынша, жұмыссыз қалу өзінің қасірет жағынан жақын туыс адамның өлімі немесе түрмеге түсуден ғана кейін тұрады екен [2].

Нарықтық экономикасы дамыған көптеген елдерде еңбек нарығындағы өртүрлі категориядағы адамдарға дифференциалды түрде қарау көзделген. Әсіресе жастарға. Осы мақсатта жастар арасындағы жұмыссыздықпен күресу үшін арнайы бағдарлама жасалып, ол өмірге ендірілді.

Еңбек нарығындағы жағдайды жақсарту мақсатында келесідей шараларды жүзеге асыру қажет:

- 2015-2018 жылдарға тұрғындарды жұмыспен қамту бағдарламасын дайындау және жүзеге асыру;
- Шағын кәсіпкерліктің ары қарай дамуы үшін жағдайлар құру;
- Қала кәсіпорындарында жаңа жұмыс күшін құруға жәрдемдесу, жұмыс орындарын құруда жұмыс берушілерді ынталандыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- Еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып даярлау және қайта даярлау курстарын ұйымдастыру арқылы жұмыс күшінің

біліктілігін жоғарылату;

- Көптен бері жұмыссыз жүргендердің мониторингін жүргізу;

- Еңбек құқығы мәселелері жөнінде жұмыссыздарға кеңес беру бойынша қызметтер көрсетуді ендіру;

- Нақты мамандықтар бойынша бос орындар жәрменкесін өткізу тәжірибесін жалғастыру және арнайы бос орындар банкісін қалыптастыру;

- Мүгедектердің кәсіби жүйесіне инвестицияларды көбейту;

- Жаңа жұмыс орындарын құруда жұмыссыздардың құрылымын ескеру.

Елдегі жұмыспен қамту мәселесін шешуде кемшіліктер, кедергілер аз емес. Мәселен, халықты жұмыспен қамту туралы заңға бір жылда екі рет өзгеріс енгізілсе, оның орындалу механизмін кешіктіру жұмысты жоспарлы түрде жүргізуге кері әсерін тигізеді. Яғни, бұрынғы заңның жетімсіздігін өмір көрсетті. Кейбір мекеме, кәсіпорын басшыларының заңды құрметтеу мәдениетінің төмендігі жұмыссыздарды еңбекке орналастырғанда қиыншылықтар туғызатыны жасырын емес. Осындай сәйкессіздіктің салдарынан күнделікті жұмыста қолбайлаулар да кездесіп жатады.

XX ғ. 90-шы жылдарында Қазақстанның әкімшілік-әміршілдік жүйеден рыноктық экономикаға өтпелі кезеңі кедейшілік деген экономикалық құбылыстың өмірге келуімен сипатталып отыр. Рыноктық экономикаға өту процесі мемлекеттік кәсіпорындар жұмысының тоқтауы немесе жабылуына алып келді және осының нәтижесінде жұмыссыздық көбейді. Жұмыссыздық Қазақстандағы кедейшіліктің басты себептерінің бірі болып табылады. Инфляция қарқынының жоғары болуы жалақы төлеу, зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақылардың төленуін кешіктіріп,

халықтың әлеуметтік жағдайын одан әрі қиындата түсті.

Қазіргі кезде зейнетақы төлеу мәселесі шешілді, ол ТМД елдерінің ішінде бірінші кезекте жүргізілген зейнетақы жүйесін реформалаудың нәтижесінде іске асырылды. Соңғы жылдардағы экономикалық жетістіктерге қарамастан, елдегі әрбір төртінші адам кедейшілік ауыртпалығын тартып отыр. Кедейшіліктің өсуіне денсаулық сақтау, білім беру салаларындағы көрсетілетін қызметтердің сапасының нашарлауы, демографиялық, гендерлік, аймақатық, экологиялық сияқты факторлар әсер етіп отыр.

Елдегі экономикалық қайта құрудың тереңдеуі халықтың аз қамтамасыз етілген немесе кедей бөлігінің қалыптасуына алып келді. Бұл жағдайды бағалау үшін халықтың табыс деңгейін өлшеу арқылы есептелетін ресми әдістер қолданылады. Алайда қазіргі кезде кедейшілікті тек табыс бойынша емес, үй шаруашылығының иелігіндегі ресурстардың жиынтығымен анықтауды талап етіледі. Кедейшілік – барлық елдерде болатын табыс теңсіздігінің нәтижесі. Дамыған елдер үшін – бұл халықтың табысы төмен топтарының тұтыну көлемінің қоғамдағы тұтыну стандартына сәйкессіздігімен анықталатын салыстырмалы кедейшілік. Ал өтпелі экономикалы елдерге халықтың табысы минималды күнкөріс минимумынан төмен болатын абсолюттік кедейшілік мәселесі тән.

Кедейшіліктің кері салдары төмендегідей:

- кедейшілік экономика дамуын шектейді. Қоғамның төмен төлем қабілеттілігі тауарлар мен қызметтерге сұранысты азайтады, нәтижесінде ішкі рыноктың қысқаруына алып келеді.
- кедей халық ақша қаражаттарын жинақтай алмайды. Бүкіл әлемде халықтың жинақтауы

инвестицияның негізгі көзі болып табылады және экономика дамуына елеулі ықпал етеді.

- кедейшілік адам ресурсының сапасын төмендетеді, ол ұлттың дамуында, білім сапасында көрініс табады, екіншіден жастардың көп бөлігі ақылы болғандықтан білім ала алмайды.

- кедейшілік халықтың еңбекке ынтасы мен әлеуметтік белсенділігін төмендетеді, бұл елдің экономикалық өсуіне кері әсерін тигізеді.

Қазіргі кезде мемлекет пен қоғам кедейшілікті жоюға бағытталған шараларды іске асыруда және бұл қызметтегі басым бағыт белсенді жұмысбастылық саясатын жүргізу мен кедейлерге атаулы әлеуметтік көмек беру болып табылады. Өртүрлі әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруда ХВҚ, ХҚДБ, БҮҮ және т.б. халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасалуда [3].

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей кедейшілікпен күресудің маңызды кезеңі кедейшілікпен күресу саясатының нақты міндеттері мен басымдықтарын анықтау болып табылады. Бұл стратегияның Қазақстандағы басты бағыттары төмендегілер болыпта былады:

- тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету. Мұнда макроэкономикалық саясат халықтың кедей бөлігін қолдауға, теңсіздік мәселесін шешуге және халықтың кедей бөлігіне жоғары мүмкіндіктер беруге бағытталуы тиіс;

- жұмыссыздықпен күрес. Жұмыссыздықпен күресу шараларының тиімділігін арттыру үшін еңбек рыногы саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; еңбек қатынастарын заңдастырушараларын жүргізу; еңбек ресурстарын «жасырын» жұмысбастылық сферасынан заңды еңбек рыногына ағылуын ынталандыру; ішкі еңбек рыногын қорғаудың экономикалық тетіктерін жетілдіру қажет;

- Шағын кәсіпкерлікті дамыту;
- Шағын несиелеу бағдарламаларын дамыту;
- Атаулы әлеуметтік көмек механизмін жетілдіру:
 - халықтың мұқтаж бөлігін әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етуге және атаулы әлеуметтік көмекті жетілдіруге бағытталған арнайы бағдарламаларды жасау;
 - кедейшілікпен күресудің аймақтық жоспарын жасау;
 - қоғамды одан әрі демократизациялау;
 - білім беру мен денсаулық сақтаудың жеткіліктілігін қамтамасыз ету және экологиялық мәселелерді шешу;
 - кедейшілікпен күресу бағдарламаларының тиімділігін арттыру;
 - кедейшілікпен күресу мониторингінің механизмін жетілдіру;
 - мұндай саясаттың маңызды элементі болып жаңа жұмыс орындарының ашылуы және жоғары табыспен қамтамасыз ететін экономикалық өсу болыпта былады [4].

Кедейшілікпен күресте халықты жұмыспен қамту маңызды рөл атқарады. Мұнда шағын бизнесті дамыту қажет. Шағын бизнес капиталистік елдерде халықты жұмыспен қамтуды кеңейтуде айтарлықтай рөлі бар. АҚШ-та соңғы он жылда жаңа жұмыс орындарының 60% 20 адамнан аз жұмыскерлер бар компанияларға келеді. 80 жылдардың басында жұмыссыздықтың зор өсуі жағдайында көптеген ғалымдар, экономистер мен мемлекет қайраткерлері шағын бизнестен ірі компаниялардағы жұмыс орындары қысқаруының орнын толтыруға қабілетті жаңа жұмыс орындарын құратын құрал деп қарады. Сондықтан капиталистік елдердің үкіметтер тарапынан шағын бизнеске әр түрлі көмек көрсетіледі.

Шағын және орта бизнестің болуы және де ірі

компаниялардың (монополияның) мүдделеріне сай келеді. Қазір дайын өнімді жасау үшін мындаған әр түрлі деталдар қажет етіледі. Олардың өндірісіне концерндермен келісім шарт жүйелерімен байланысқан көптеген шағын және орташа фирмалар маманданады. Электротехника, автомобиль және басқа салалардың кейбір ірі монополияларында 20-30 мыңға дейін шағын компаниялар жұмыс істейді. Атап көрсету керек, шағын және орташа фирмалардың басым көпшілігі ірі компаниялармен келісім қатынастары арқасында жұмыс істейді. Францияда, мысалы, шағын және орташа кәсіпорындардың 40 %-і ірі монополиялармен байланысты. АҚШ-та осындай келісім шарттар жүйесімен 400 мың шамасында немесе 25% шағын кәсіпорындар қамтылған, оларда 4,5 млн. адам жұмыспен қамтылған. Жапонияда да осындай жағдай.

Шағын бизнес кәсіпорнын ашу ісі аз мөлшерде капиталды қажет етеді. өте жиі жағдайда өз ісін өндірістен шығып қалған немесе жұмыс таба алмағандар ашады.

80 жылдардың басында шағын кәсіпорындар иелерінің тек өз жанұяларындағы адамдарының еңбектерін қолдануы Жапониядағы барлық жұмыспен қамтылғандардың 32 %, Италияда 29%, Францияда 21 % құрады.

Монополистік емес фирмалар жаңа салалар қатарында, әсіресе ақпарат кешенінде өздерінің жағдайларын әжептәуір нығайтады.

ҒТП негізінде іскер қызметтер (электронды есептеу машинасы базасында ақпаратты өңдеу, бағдарламаны қамтамасыз ету, инженеринг, кеңес беру бизнесі және осы тәріздес) спектрі қалыптасқан.

Осындай қызмет ресурстардың айтарлықтай жинақталуын қажет етпейді және шағын компания шеңберінде де табысты жүзеге асуы мүмкін. Жеке атағанда, Германияда

бағдарламаны қамтамасыз ету саласында 3700 фирмалар жұмыс істейді, олардың көпшілігі (70% шамасында) жұмыскерлер саны 10 адамнан аз компаниялардан құралған.

Егер қорытындылауға келсек, шағын және орта бизнестің рөлі төменде көрсетілген алты функциялардан көрінеді.

- біріншіден, шағын өндіріс ірі кәсіпорын алыптарына қарағанда нарық конъюктурасының өзгерісін икемді сезінеді.

- екіншіден, шағын бизнес әлі іске жаратылмаған әжептәуір қаржы қаражаттарын тиімді жұмылдырады. Осындай бизнестің болмауынан осы ресурстар пайдаланылмаған болар еді.

- үшіншіден, шағын бизнес бәсеке күресін қалыптастыруда айтарлықтай үлес қосады, бұл кез келген мемлекеттің жоғары деңгейде монополия экономикасы жағдайында бірінші кезекте маңызды.

- төртіншіден, шағын бизнес халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуде үлкен рөл атқарады. Өнеркәсібі дамыған елдерде оның үлесіне барлық жұмыспен қамтамасыз етілгендердің 50-60% және жаңа жұмыс орындарының 70-80% келеді.

- бесіншіден, шағын бизнестің әлеуметтік қысымды жұмсартуда орнын таптырмас рөлі бар. Ауыр дағдарыс кездері халық осыннан жұмыс тауып және өздерінің қабілеттерін жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытуда Қазақстан Республикасы Президентінің “Шағын кәсіпкерліктің дамуын жандандыру мен мемлекеттік қолдауды күшейту бойынша шаралар туралы” 1997 жылдың 6 наурызындағы қаулысының үлкен рөлі бар [5].

Құжат өзінің мазмұны бойынша өтпелі экономика жағдайында шағын кәсіпкерлікті

дамытудың мемлекеттік бағдарламасы болып табылады.

Кедейшілікпен күрестегі ең басты мәселе – бұл жұмыссыздық деңгейін төмендету. Егер басымдықтарды белгілейтін болсақ, мынадай: жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, кәсіптік дайындау кезінде оқудың, қайтадан оқудың күнын төлеу, кәсіби біліктілігін арттыру және қайтадан дайындау, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және еңбек ақысын төлеу, шағын несие беру үшін жағдай туғызуға, кедейшілікке душар болғанда материалдық көмек көрсету, шағын және орта бизнес саласын жұмыспен қамтуға қолбаныс беру.

УДК 021.63

Айсу Бисеновна Касекеева¹, Надежда Олеговна Мишунина²

1) старший преподаватель кафедры «Информационных систем» Казахского Агротехнического университета им.С.Сейфуллина, магистр математики.

2) старший преподаватель кафедры «Информационных систем» Казахского Агротехнического университета им.С.Сейфуллина.

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ӨЗІРЛЕУ КЕЗІНДЕГІ КРОССПЛАТФОРМАЛЫ ҚҰРАЛДАРҒА ТАЛДАУ ЖАСАУ

Аңдатпа: Мақалада кроссплатформалы қосымшалардың ерекшеліктері сипатталған. Жүйелік бағдарламаны дайындау кезінде бейімдейтін талаптар көрсетілген. Кітапханалардың және фреймворктардың салыстырмалы сипаттамасы берілген. Qt C++ арналған бағдарламалар жасау үшін Eclipse кроссплатформалы фреймворк java - қосымша өзірлеу ортасының (IDE) интеграцияланған қысқаша сипаттамасы жазылған.

Abstract: In article differences of cross-platform appendices from the native are briefly described. Requirements with which emergence it is necessary to adapt the developed program system are allocated. The comparative characteristic of libraries and frameworks is given. The short characteristic of the integrated environment of development (IDE) of Java-applications of Eclipse is

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: Қазақстан. 2007ж. 21 мамыр. 55б.
2. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 1493аңы
3. «Қазақстандағы кедейшіліктің себептері мен олардың шешу жолдары» Қазақстандаағы БҰҰДБ басылымдар сериясы. Алматы: 2014ж. 89б.
4. Қазақстанның электрондық мәліметтердің жиынтығы <http://student.zoomru.ru>